



EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

**Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТІ
«2024 жылдың 1 тоқсанындағы Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ
жетістіктері мен оқиғалары»
Ақпан, 2024**



**Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ШҚТУ WEBOMETRICS
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ
ӨЗ НӘТИЖЕСІН ЖАҚСАРТТЫ**

Биылғы жылы ШҚТУ өз позициясын жақсартты және 2023 жылдың қаңтарымен салыстырғанда ТОП-7-ден ТОП-6-ға көшті. Бұл ретте жалпы дәреже 131 пунктке өсті, бұл әлемдік рейтингтегі 4622 позициядан орналастырылған 12000 ЖОО арасында 4491 позицияға ауысуға мүмкіндік берді.

[Толығырақ](#)



**АТАМЕКЕН-2024 ҰҚП ШҚТУ ББ
БОЙЫНША РЕЙТИНГІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ ШЫҚТЫ**

«Атамекен» ҰҚП өткізген ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингі жарияланды. Рейтингте ШҚТУ-дың 29 білім беру бағдарламасы орын қатысты. Еліміздегі үздік ТОП-3-ке 12 білім беру бағдарламасы енді (41,4%), ТОП-5 үздіктерінің қатарына 16 білім беру бағдарламасы кірді (55,2%).

[Толығырақ](#)



**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖҰМЫС
САПАРЫМЕН Д. СЕРІКБАЕВ
АТЫНДАҒЫ ШҚТУ-ға КЕЛДІ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне барып, жоғары оқу орнының қызметімен танысты және оның базасында құрылған «Лу Бань шеберханасы» оқу орталығын аралап көрді. Мемлекет басшысына жастардың инновациялық жобалар жасауына мүмкіндік беретін Smart және Medical Engineering бағытындағы технопарктің негізін қалау жоспары жөнінде баяндалды.


[Толығырақ](#)



СЕГІЗІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ «РЕСЕЙ, СІБІР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: ХАЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ»

Конференцияның мақсаты: ресейлік және шетелдік ғалымдардың, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушыларының, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің, жас ғалымдардың, аспиранттар мен магистранттардың Ресей мен Орталық Азия республикаларының тарихи және заманауи дамуы мен өзара іс-қимылының өзекті мәселелерін талқылау мен талдаудағы күш-жігерін шоғырландыру.


[Толығырақ](#)



ҮНДІСТАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан және Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ әскери кафедрасының басшысы, полковник Олег Манцуров Үндістан елшілігі жанындағы әскери Атташе аппаратының шақыруымен Үндістан Республикасы Күнін мерекелеуге арналған Үндістан Ұлттық Кадет Корпусының лагеріне барды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ ENACTUS WINTER CAMP 2024-КЕ ҚАТЫСТЫ

Enactus Camp - қарқынды оқыту және тренингтер, қызықты және табысты бизнес-жобалар мекені. Биыл қысқы лагерьге еліміздің барлық 18 оқу орнының студенттері, соның ішінде Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың Enactus EKTU командасы келді. Қысқы лагерь аясында ШҚТУ командасы тоғыз жобаны сәтті ұсынып, елдің жетекші кәсіпкерлерінен кеңес алды. Студенттер 72 сағат бизнес-тренингтен өтті. Enactus EKTU командасы жобаларда ғана емес, шығармашылық іс-шараларда да керемет өнер көрсетті. Enactus Kazakhstan - дан сертификаттар мен сыйлықтар алды.


[Толығырақ](#)

QAZPATENT

ШҚТУ ҒАЛЫМДАРЫ ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬНЕ ПАТЕНТ АЛДЫ

Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ ғалымдары «Жерді қашықтықтан зондау негізінде егістік жерлердің тозуын анықтау тәсілі» пайдалы моделіне патент алды. Патент Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады. Патентке пайдалы модельдің толық сипатта масы www.kazpatent.kz ресми сайтында «Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімі» бөлімінде қолжетімді.

[Толығырақ](#)



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ӘЛЕУЕТІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ (ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ТАЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІ)

Монография егеменді Қазақстан жастарының әлеуметтену нәтижелерін талдауға және олардың қазақстандықтардың кейінгі ұрпағын әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға дайындығына арналған. Монография Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті (AP09260600) қаржыландыратын «Қалалық қазақ әйелдерінің репродуктивті мінез-құлқының аймақтық ерекшеліктері: тенденциялар мен перспективалар» гранттық ғылыми жобасының аясында жарияланды.

[Толығырақ](#)



X ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2024 жылдың 11-12 сәуірінде Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Қазақстанның инновациялық дамуындағы - жастар шығармашылығы» атты студенттердің, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың X Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясына қатысуға шақырамыз.

[Толығырақ](#)